

Г.Б. Нарымбет\*, С.К. Кабылтаева, Б. Мұратбекқызы, Ж.С. Ерденбекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*(E-mail: n.gulnur\_85@mail.ru; utebaeva81@mail.ru; bibimur64@mail.ru; jen.e73@mail.ru)*

## **Қазақ батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі рөлі және маңызы**

Мақаланың зерттеу объектісі қазақ батырлар жыры болып табылады. Қазақ батырлар жырын тарихи дерек ретінде зерттеудің қажеттілігі қазақ халқының тарихи сана-сезімінің өсуімен және қазіргі заманғы ғылымның қажеттіліктерімен түсіндіріледі. Қазақ батырлар жыры әр кезеңде өмір сүрген қазақ халқының шынайы тарихының негізінде пайда болды. Сондықтан, аталған мақаланың авторлары қазақ батырлар жырының пайда болуы мен дамуы қазақ халқының саяси тарихымен, қоғамдық және мәдени өмірімен тығыз байланысты, осы себептен қазақтардың тарихын зерттеу барысында батырлар жырының қосымша тарихи дерек ретіндегі маңызы жоғары деген қорытынды жасаған.

*Кілт сөздер:* батырлар жыры, ауызша дәстүр, тарихи дерек, Қазақстан тарихы, батырлар жырының жіктелуі, рухани мәдениет, ұлттық мұра.

### *Кіріспе*

Рухани мәдениеттің ажырамас бір бөлігі саналатын ауызша эпикалық дәстүрдің Қазақстан территориясында қалыптасуы ежелгі дәуірден бастау алады, атап айтқанда жекелеген батырлар жыры б.э.д. VI-VIII ғасырлармен белгіленсе, XV-XVI ғасырлар қазақ батырлар жырының гүлденген кезеңі болып есептеледі. Осылайша, өзінің тарихы жағынан – жекелеген көшпелі тайпалардың бірыңғай қазақ халықтығына бірігуі кезеңінен бастап қазіргі уақытқа дейін қазақтардың эпосы халық арасында өңделген маңызы жоғары өнегелі және эстетикалық құндылықтарды алып жүрді және барлық ірі түбегейлі тарихи оқиғаларды сипаттап, қазақтардың рухани, әлеуметтік және материалдық өмірінің жылнамаларына айналды. Осы себептен, қазақ эпосының жоғарғы үлгілері әлемдік мәдениет қазынасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Егер тарих оқиғаларды фактілер арқылы түсіндіретін болса, халықтың бұл оқиғаларды қабылдауы фольклорда шарықтайды. Тарихтың әрбір кезеңінің өзіндік фольклоры бар және ғалымдар фольклор мен тарихтың сәйкестігін жоққа шығармайды. Дегенмен, жекелеген кезеңдер бойынша фольклорды зерттеу жаңа құбылыстардың бірі болып саналады. Бұл діни және мәдени жағынан бай мәліметтерге ие болып табылатын, осыған қоса қазақ фольклорының аз зерттелген салаларының бірі — Жошы ұлысы кезеңінің фольклорына қатысты. Жошы ұлысы кезеңіндегі халықтардың рухани мәдениеті, соның ішінде фольклоры оған дейінгі кезеңнің фольклорының, мифологиясының, этикалық тарихының, дәстүрінің жалғасы ретінде қалыптасқаны белгілі.

Материалдық және рухани мәдениеттің ескерткіштері, соның ішінде маңызды рөл атқаратын қазақ батырлар жыры Қазақстан территориясындағы көшпелілердің этносаяси тарихының негізгі кезеңдерін зерттеу үшін ақпараттық деректер болып табылады. Дегенмен, қазіргі уақытта фольклорлық жанрларға деген сұранымның төмендеуі салдарынан ауызша халық шығармасының бірегей дәстүрі және ақпаратты ауызша жеткізу үрдісі жоғалуда. Оларды жаппай мәдениет, атап айтқанда кәсіби өнер, интернет, теледидар және әлемдік әдебиет алмастыруда. Сондықтан, қазіргі уақытта халықтың ауызша дәстүрін, батырлар жырын маңызды тарихи дерек ретінде қарастырудың маңызы артып отыр.

### *Әдіснама және зерттеу әдістері*

Мақаланың теориялық-методологиялық негізін диалектика және объективтілік принциптері құрайды. Қазақ халқының ауызша шығармасының дамуын, оның себеп-салдарын анықтау барысында диалектика принципі басшылыққа алынды. Объективтілік принципі батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі рөлін анықтауға мүмкіндік берді.

*Негізгі бөлім*

Адам, қоғам, мемлекет әлемнің әр бөлігінде және әр кезеңде болған, болып жатқан оқиғалар жөніндегі нақты мәліметті тек қана тарихи деректерден алуға болатындығы ешқандай дау тудырмасы анық. Өйткені, қоршаған ортаны және адамзат қоғамын танудағы тарихи деректің құндылығы мен маңыздылығы бұрыннан белгілі және антикалық кезеңнен бастап, яғни адамзатқа алғашқы ғылыми зерттеулер белгілі болған уақыттан бері ешқандай күмән келтірген емес.

Қазіргі кезеңдегі қоғамтану-гуманитарлық саладағы ғалымдарды қызықтыратын мәселелер шеңберінің кеңеюіне байланысты тарихи деректің рөлі мен маңызы айтарлықтай жоғарылады. Бірінші кезекте, бұл тарихшыларға қатысты мәселе, себебі қазіргі заманғы тарих ғылымы негізінен жекелеген мемлекеттердің, аймақтардың немесе белгілі бір кезең тарихымен айналысатын дәстүрлі ғылым саласына қарағанда адамзаттың жаһандық тарихының мәселелерін қарастырады.

Қазіргі уақытта әртүрлі бағыттар бойынша зерттеулерде де деректерді, соның ішінде тарихи деректерді қолданудың шеңбері айтарлықтай кеңейіп жатыр. Бүгінгі таңда, гуманитарлық сала мамандарын Қазақстан тарихының мәселелері көптеп қызықтыруда, сондықтан пәнаралық байланыстардың маңызы артып, әртүрлі деректерді қолданудың мүмкіндіктері туындап отыр.

Өзімізге белгілі, «тарихи дерек» түсінігінің дефинициясын өңдеу тарихшы өзінің тарихи концепциясын негіздейтін объектіні анықтау үшін қажет. Зерттейтін объектіні анықтау оның (объектінің) маңызды танымдылық элементі болып саналады. Сондықтан, «тарихи дерек» түсінігі деректанудың маңызды теориялық-методологиялық мәселесі болып саналады.

Деректану ғылымының негізін қалаушылар, француз ғалымдары Ш. Ланглуа мен Ш. Сеньобос өздерінің «Введение в изучение истории» [1; 36] атты еңбегінде: «Дерек — тарихи білімнің бірден-бір қайнар көзі. Тарих деректердің негізінде жазылады. Дерек жоқ болса — тарих та жоқ» деп, тарихи деректердің маңыздылығын жоғары бағаласа, ресейлік деректанушы В.О. Ключевский тарихи деректердің ерекше танымдық рөлін айта келе тарихи дерек дегеніміз «өткен өмірдің ескерткіші» деп бағалайды [2; 186]. Сонымен қатар, Э. Бернгейм позитивистік историсофияға (тарихи дамудың негізгі заңдарымен айналысатын ғылым) тән «тарихи дерексіз тарихи зерттеу жоқ және болуы мүмкін емес», «тарихи дерек — бұл тарихи танымның негізі» деген басты ережені бекітті [3; 163]. XX ғ. тарихи деректерді жіктеу мәселесін шешу көптеген өзгерістерге ұшырады. Біріншіден, тарихи деректерді жіктеу терең зерттеулерді қажет ететін маңызды ғылыми-теориялық мәселе екенін мойындады, екіншіден, тарихи деректердің жіктелуінің критерийі жөнінде әртүрлі пікірлер айтылды. Тарихи деректердің жіктелу схемасын өңдеу үрдісінде деректерді бөлудің келесі критерийлері ұсынылды; ақпаратты жаңғырту тәсілі; тақырыптық (мазмұны жағынан); формациялық және хронологиялық принцип; пайда болу немесе авторлық сипатына қарай; мақсаты бойынша бөлу. Біздің ойымызша, тарихи деректерді бөлудің мұндай түрлерін ажыратып көрсетудің өзі тарихи деректерді жіктеу саласындағы алға жылжуларды көрсетіп берді.

Тарихи деректерді типтік тұрғыдан жіктей отырып, Л.Н. Пушкарев тарихи деректердің жеті түрін сипаттап берді:

1. Жазба.
2. Заттай.
3. Ауызша (фольклор).
4. Этнографиялық.
5. Лингвистикалық.
6. Бейнелеу.
7. Фонографиялық [4; 103].

Сондықтан, 1980 жылдың басына дейін оқу және ғылыми әдебиеттерде тарихи деректердің жеті типі бар деген көзқарас қалыптасып келді. Тарихи деректердің мұндай жеті типі қазіргі заманғы ғылыми еңбектерде кездесіп қалады. Аталған тарихи деректердің ішінде біз үшін ауызша (фольклор) деректер үлкен қызығушылық танытады.

Өзімізге белгілі, ауызша дәстүрді, соның ішінде батырлар жырын зерттеумен көптеген қазақ ғалымдары, атап айтқанда М. Әуезов, Е. Исмаилов, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұлан шұғылданған және олардың барлықтары тарихи мектептің призмасы арқылы өткен. Сондықтан, олардың көзқарастарын қазақ халқының батырлар жырын тарихи тұрғыдан зерттеудегі айтарлықтай қосқан үлесі деп қарастыруымыз керек. Қазақстандық фольклортанушылар Р. Бердібаевтың, С. Қасқабасовтың, О. Нұрмағамбетованың және т.б. еңбектерінде эпос историзмінің әртүрлі аспектілері қарастырылған.

Зерттеуші Т.Ә. Қоңыратбай өзінің ғылыми еңбегінде эпостық мұраны герменевтикалық тұрғыдан зерттеуге және батырлар жырын қазақ халқының этникалық тарихын зерттеу барысында жанама тарихи дерек ретінде қолдану қажеттігі қарастырылған [5].

Осымен бірге, Ә.Х. Марғұлан қазақ эпосын жанры бойынша келесідей жіктеуін ұсынады:

1. Ежелгі эпикалық өлеңдер. Олардың қатарына «Ер Төстік», «Ақ көбек», «Құламерген», «Шолпан мерген» аңыздары жатады.
2. Оғыз-қыпшақ кезеңінің (XI-XII ғғ.) эпостары.
3. Қазақ даласындағы Жошы ұлысының құрылуы және оның ішкі шиеленістері «Қобыланды», «Ер Тарғын» және Жошы ұлысының құлауын көрсететін өлеңдер «Қамбар», «Қазтуған» т.б.
4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес жөніндегі эпостар. Оның қатарына Қабанбай, Бөкенбай, Олжабай, Есім хан т.б. туралы өлеңдер кіреді.
5. XIX ғ. патша езгісіне қарсы күресті сипаттайтын (Исатай, Махамбет т.б.) эпостар.
6. Кеңес кезеңінде пайда болған эпостар [6; 774].

Жоғарыда аталған қазақ эпостарын топтастыру барысында Ә. Марғұлан тарихи принципті басшылыққа алған. Аталған жіктеу XIX ғасырда Ш. Уәлихановтың, Г.Н. Потаниннің, В.В. Радловтың идеяларында да орын алған. Ш. Уәлиханов алғашқылардың бірі болып тарихи өлеңдердегі айырмашылықты анықтап, «тарихи эпос» түсінігін ұсынған болатын [7; 197].

Осымен бірге, Ә. Марғұланның еңбектерінде ауызша поэтиканың және көшпелілердің эпостық мұрасының тарихи сипатына жоғары баға берілген. Оның пікірінше, басқа кейбір халықтардың эпостарына қарағанда қазақтың эпосында дәлелсіз қиял мен сырмалы мифологиялық безендірулер аз болып келеді [6; 75].

Әрине, отандық тарих ғылымы айтарлықтай тарихи деректерге — жазбаша, заттай және ауызша деректер қорына ие. Бірақ, зерттеу тәжірибесінде ауызша тарихи дәстүрге көп мән берілмейді. Мысалы, деректанушы М.Х. Абусейтованың пікірі бойынша ауызша дәстүрді талдаудың алғашқы қадамдары және оны Қазақстан тарихының тарихи дерегі ретінде қолдану XXI ғасырдың басында пайда болды. Бірақта, қазақ ауызша шығармашылығы негізінен фольклортанушылардың, әдебиеттанушылардың зерттеу объектісіне айналды, ал тарихшылар мен этнографтар ауызша дәстүрді қазақтардың өткенін зерттеуде қолдану барысында сақтық танытты [8; 12].

Қазақтардың батырлар жыры — бұл өз халқын сыртқы шапқыншылықтан қорғаған, ерекше физикалық және өнегелі күші бар батырлардың жауынгерлік ерлігі баяндалатын сюжеттік поэма. Қазақтардың эпосы шынайы тарихи оқиғалардың негізінде пайда болған. Сондықтан, батырлардың жауынгерлік ерлігі және қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпы туралы мағлұмат беретін маңызды ескерткіш болып табылады. Мысалы, орта ғасырларда қазақ эпикалық туындылары аталған кезеңдегі тарихи оқиғаларды бейнелей отырып, өзінің мазмұны және сюжеті жағынан толықтырылып, өзінің дамуын жалғастырды.

В.М. Гацактың пікірі бойынша эпикалық историзм поэтикасы тарихи және әлеуметтік таңбалық қасиетіне ие шынайы көркем өнер координатының жиынтығы болып саналады. Тарихшы А.С. Ораловтың пікірінше, қазақтардың батырлар жыры әдеби өнердің жоғарғы деңгейін көрсетеді және одан көптеген реализмді табуға болады [9; 124]. Түркі халықтарының батырлар жыры бойынша белгілі маман, академик В.М. Жирмунскийдің пікірі бойынша эпосты зерттеу тарихи-типологиялықты генетикалық салыстырудан нақты ажырата алған жағдайда ғана өзінің нәтижесін береді. Сонымен бірге, ол «жергілікті ұлттық және тарихи мазмұнына сәйкес батырлар жыры өзінің қалыптасуы жағынан бірқатар ерекшеліктерге ие болғандықтан сыртқы халықаралық әдеби ықпалға берілмейді және өзгеріске түспейді» деп атап көрсетеді [10; 194]. Отандық зерттеуші Т.Ә. Қоңыратбайдың пікірінше, кез келген бір халықтың тарихында этногенездің негізгі оқиғалары, тарихи тағдырдың дамуындағы бет бұрысты жағдайлар орын алған және бұл халықтың жадында белгілі бір із қалдырады. Осы тұрғыдан алғанда, батырлар жыры ауызша халық шығармашылығының және рухани мәдениеттің жарқын феномені этнологтар үшін үлкен қызығушылық танытады [5].

Кеңес зерттеушісі А.К. Боровковтың пікірі бойынша, эпоста орын алатын трансформациялар тарихи жағдайдың және географиялық ортаның, тарихи оқиғаларды түсіндірудің өзгеруімен байланысты [11; 88]. Сондықтан, батырлар жырында кез келген бір халықтың тарихы (кейбір кездері бұрмаланып берілсе де) орын алады. Мысалы, академик В.М. Жирмунский «Эпос — бұл қаһармандық идеализация көлеміндегі халықтың өткен тарихы, сондықтан оның тарихи құндылығы, қоғамдық, мәдени-тәрбиелік маңызы жоғары» деп бағалайды [10; 195].

Батырлар жыры тарихи-этикалық деректердің бірі ретінде жан-жақты жағынан өңделуі мүмкін. Егер эпостың поэтикасын зерттеу әдебиеттанудың міндеті болса, тәрбиелік маңызын анықтау педагогика ғылымдарының құзыреті саналады. Осы тұрғыдан қарастырсақ, эпостанудың негізгі мәселесі — батырлар жырының халықтың өткен тарихына қатысы, сонымен бірге оның мазмұнында кейбір кездері ғылыми өңделімге икемделуі күрделі болып келетін жекелеген тарихи-этникалық мәліметтердің бар екендігі назардан тыс қалады. Егер біз кез келген бір халықтың көп ғасырлық тарихын зерттеуді тек қана бізге дейін келіп жеткен жазбаша деректермен шектесек, онда біз ғылыми-танымдық үрдіске де шек қоямыз. Сондықтан, ғылыми мәселе ретінде батырлар жырының тарихи-этникалық мәнін анықтаудың маңызы бар.

Қазақ батырлар жырының әрбір нұсқасы белгілі бір тайпадан шыққан батырдың қаһармандық іс-әрекетін дәріптеумен сипатталады. Мысалы, Қобыланды қыпшақ тайпасынан, Алпамыс қоңырат, Ер Тарғын ноғай, Қамбар керей тайпасынан шыққан. Аталған батырлардың этникалық шыққан тегі ешбір өзгеріссіз беріледі. Сондықтан, батырлар жыры халықтың этникалық тарихын зерттеу үшін қосымша дерек бола алады.

Жырдың әңгімесі қандай тарихи фактіге негізделгенін және жырда қай кездің әлеуметтік өмірі, тарихи шындығы бейнеленетінін қалай білуге болады? Бұл сұраудың жауабын ең алдымен жырдың мазмұнынан іздеу керек. Қай жырды алып қарасақ та онда жағымды батырлардың кімдерге қарсы күрескендігі, елін кімдерден қорғап қалғандығы әңгімеленеді. Сол кездегі әдет-ғұрып, салт-сана, халықтың дүниеге көзқарасы қандай болғандығынан да азды-көпті мәлімет береді. Осыларды тарихи деректермен салыстыра қарасақ, жырдың қай кездегі тарихи шындықтың сәулесі екендігін, жырдың шығуы не нәрсеге байланысты болғандығын айқындауға мүмкіндік туады.

Мысалы, «Қобыланды батыр» жырының барлық нұсқаларының мазмұнын зерттегенде және ондағы мәліметтерді тарихи деректермен салыстырғанда, бұл жырдың оқиғалары қыпшақтар мен қызылбастардың арасындағы көп заманға созылған қарым-қатынастарды, қызылбастардың қыпшақтарға көрсеткен қорлық-зорлығын, жауыздық әрекеттерін суреттеу негізінде туғандығы байқалады. Жыр әңгімелерінің негізгі желісі осындай ерлік күрестерді бейнелеуге құрылады. Жырдың барлық нұсқаларында Қобыландының соғысатын жаулары қызылбастар (тек бір нұсқада қалмақтар) болып келеді. Жырда қызылбастардың басқыншылық, жаулық шабуылдарына қарсы қыпшақ батырларының жүргізген ерлік істері сипатталады.

#### *Қорытынды*

Қазақ батырлар жыры ескерткіштері еліміздің мәдени мұрасы мен қазақ халқының ұлттық мақтанышының пәнінің құнды бір бөлігі болып саналады. Қазақ халқының рухани және мәдени дамуының тарихын зерттеу барысында ұлттық мәдени мұрамызда ерекше орынға ие қазақ халықтың жасаған және ғасырлар бойы ажарланған батырлар жыры маңызды орынға ие. Қазақ батырлар жыры батырлардың ерлік әрекеттері мен қазақ халқы рухының күштілігі және төзімділігі, оның әдет-ғұрпы мен дәстүрлері жөнінде мәлімет беретін тарихи ескерткіш болып саналады. Сондықтан, тарихи зерттеулер барысында қолданылатын жазбаша тарихи деректерге қосымша дерек ретінде ауызша дәстүрді, соның ішінде батырлар жырын қолданудың маңызы жоғары.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Лангула Ш.В. Введение в изучение истории / Ш.В. Лангула, Ш. Сеньобос. — М., 2004. — 305 с.
- 2 Ключевский В.О. Курс лекций по источниковедению / В.О. Ключевский. — М.: Мысль, 1989. — Т. 7. — 479 с.

- 3 Георгиева Н.Г. Историческое источниковедение. Теоретические проблемы / Н.Г. Георгиева. — М.: Проспект, 2016. — 256 с.
- 4 Пушкарев Л.Н. Классификация русских письменных источников по отечественной истории / Л.Н. Пушкарев. — М.: Наука, 1975. — 281 с.
- 5 Конаратбай Т.А. К методологии изучения этнического характера героического эпоса (историографические аспекты) [Электронный ресурс]. / Т.А. Конаратбай. — Режим доступа: <https://www.epossvfu.ru/index.php/1/article/view/218/206>.
- 6 Марғұлан А. О характере исторической обусловленности казахского эпоса / А. Марғұлан // Изв. КазФАН СССР. Сер. ист. — 1946. — № 2. — С. 75–81.
- 7 Әнес С. Асылдың сынығы / С. Әнес. — Алматы: Рауан, 1996. — 241 б.
- 8 Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.: история, политика, дипломатия / М.Х. Абусейтова. — Алматы: Дайк-Пресс, 1998. — 268 с.
- 9 Орлов А. С. Казахский героический эпос / А.С. Орлов. — М.: Изд-во Академии наук СССР, 1945. — 146 с.
- 10 Жирмунский В. Народный героический эпос. Сравнительно-исторические очерки / В. Жирмунский. — М.–Л., 1962. — 446 с.
- 11 Боровков А.К. Вопросы изучения тюркоязычного эпоса / А.К. Боровков. — М., 1958. — 291 с.

Г.Б. Нарымбет, С.К. Кабылтаева, Б. Мұратбекқызы, Ж.С. Ерденбекова

### Роль и значение казахского героического эпоса как исторического источника

В статье объектом анализа является казахский героический эпос. Необходимость изучения роли казахского героического эпоса в качестве исторического источника объясняется ростом исторического сознания казахского народа, включая потребности современной науки. Казахский героический эпос возник на почве реальных исторических событий, пережитых казахским народом в разное время. Поэтому авторы настоящей статьи в результате изучения пришли к выводу, что возникновение и расцвет казахского героического эпоса тесно связаны с политической историей, общественной и культурной жизнью казахского народа, поэтому при изучении истории казахов роль героического эпоса как дополнительного исторического источника велика.

*Ключевые слова:* героический эпос, устная традиция, исторический источник, история Казахстана, классификация героического эпоса, духовная культура, национальное наследие.

G.B. Narymbet, S.K. Kabyltayeva, B.S. Myratbekkyzy, Zh.S. Erdenbekova

### The role and significance of the Kazakh heroic epic as a historical source

The article analyzes the Kazakh heroic epic. The need to study the role of the Kazakh heroic epic as a historical source is explained by the growth of the historical consciousness of the Kazakh people, including the need for modern science. The Kazakh heroic epic arose based on real historical events experienced by the Kazakh people at different times. Therefore, the authors of this article, as a result of the study, conclude that the emergence and flourishing of the Kazakh heroic epic is closely related to the political history, social and cultural life of the Kazakh people. Thus, when studying the history of the Kazakhs, the role of the heroic epic as an additional historical source is great.

*Keywords:* heroic epos, oral tradition, historical source, history of Kazakhstan, classification of heroic epos, spiritual culture, national heritage.

#### References

- 1 Langlula, Sh.V., & Senobos, Sh. (2004). Vvedenie v izuchenie istorii [Introduction to the study of history]. Moscow [in Russian].
- 2 Kliuchevskii, V.O. (1989). Kurs lektsii po istochnikovedeniiu [Lecture course on source studies]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 3 Georgieva, N.G. (2016). Istoricheskoe istochnikovedenie. Teoreticheskie problemy [Historical sources. Theoretical problems]. Moscow: Prospekt [in Russian].
- 4 Pushkarev, L.N. (1975). Klassifikatsiia russkikh pismennykh istochnikov po otechestvennoi istorii [Classification of Russian written sources according to national history]. Moscow: Nauka [in Russian].

5 Konyratbai, T.A. K metodologii izucheniia etnicheskogo kharaktera geroicheskogo eposa (istoriograficheskie aspekty) [On the Methodology of Studying the Ethnic Character of the Heroic Epic (Historiographic Aspects)]. Retrieved from <https://www.epossvfu.ru/index.php/1/article/view/218/206> [in Russian].

6 Margulan, A. (1946). O kharaktere istoricheskoi obuslovlennosti kazakhskogo eposa [On the nature of the historical conditionality of the Kazakh epic]. *Izvestiia Kazakhskogo filiala Akademii nauk SSSR. Serii istoricheskaia — News of the Kazkh branch of the USSR Academy of Sciences. The series is historical*, 2 [in Russian].

7 Anes, S. (1996). Asyldyn synygy [A fragment of a noble]. Almaty: Rauan [in Kazakh].

8 Abuseitova, M.Kh. (1998). Kazakhstan i Tsentralnaia Aziia v XV–XVII vv.: istoriia, politika, diplomatiia [Kazakhstan and Central Asia in the XV–XVII centuries: history, politics, diplomacy]. Almaty: Daik-Press [in Russian].

9 Orlov, A.S. (1945). Kazakhskii geroicheskii epos [Kazakh heroic epic]. Moscow: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [in Russian].

10 Zhirmunskii, V. (1962). Narodnyi geroicheskii epos. Sravnitelno-istoricheskie ocherki [Folk heroic epic. Comparative historical essays]. Moscow–Leningrad [in Russian].

11 Borovkov, A.K. (1958). Voprosy izucheniia tiurkoiazыchnogo eposa [Issues of studying the Turkic epic]. Moscow [in Russian].

Букеетов университет